

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1255 Қаулысы "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

II "Шығындар" бөлімінде:

09 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер" кіші функциясында:

213 "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" әкімшісі бойынша:

027 "Оралмандарды тарихи отанына қоныстандыру және әлеуметтік қорғау" бағдарламасында:

100 "Оралмандарды уақытша орналастыру орталығы" кіші бағдарламасындағы "107753" деген сандар "134287,2" деген сандармен ауыстырылсын;

101 "Оралмандардың көшіп келуі және әлеуметтік қорғалуы" кіші бағдарламасындағы "2723075" деген сандар "2711144,8" деген сандармен ауыстырылсын;

102 "Оралмандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету" кіші бағдарламасындағы "8761186" деген сандар "8746582" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі